

**«Мөлдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы**

**Акция тақырыбы:**  
**«Кішкентай құтқарушылар: Тәртіп пен Қауіпсіздік»**  
(Заң мен тәртіп жосaпы бойынша. тақырыбы: Бірыңғай өрт қауіпсіздігі )

**Дайындаған: П.Нурманбетова**  
**А.Есиркепова**

**Қайрат ауылы 2025-2026 оқу жылы**

## Акция тақырыбы: «Кішкентай құтқарушылар: Тәртіп пен Қауіпсіздік»

### Мақсаты:

- Балаларға оттың пайдасы мен зиянын түсіндіру.
- «101» нөмірін жаттату және өрт кезіндегі алғашқы әрекеттерді үйрету.
- Тәртіпке бағыну (мұғалімді тыңдау) – қауіпсіздіктің басты шарты екенін ұғындыру.

### I бөлім: «Сақтықта қорлық жоқ» (Танымдық сәт)

**Тәрбиеші:** «Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Біз қаламыздың тыныштығын күзететін, тәртіп пен заңды сақтайтын батырлар – өрт сөндірушілер туралы сөйлесеміз. От – дос, бірақ тілін таппасаң, ол жауға айналуы мүмкін.»

**Ойын: «Болады – болмайды»** (Балалар жауапты хормен айтады немесе шапалақтайды)

- Сіріңкемен ойнауға... (Болмайды!)
- Өрт сөндірушілерге кедергі жасамауға... (Болады!)
- Газ плитасын өз бетімен қосуға... (Болмайды!)
- Өрт болса «101»-ге хабарласуға... (Болады!)

### II бөлім: «Күтпеген қонақ» (Көрініс)

(Ортаға қолына үлкен сіріңке ұстаған Түлкі шығады)

**Түлкі:** «Ой, мен мына сіріңкені тауып алдым! Қазір үлкен от жағып, жылынамын!» **Тәрбиеші:** «Тоқта, Түлкі! Балалар, Түлкі дұрыс істеп жатырма? Бұл – тәртіп бұзушылық! Ойыншық емес заттармен ойнауға болмайды.» (Төтенше жағдай сигналы ойналады, ортаға **Өрт сөндіруші** киіміндегі бала немесе кейіпкер шығады)

**Өрт сөндіруші:** «Отпен ойнама, балақай, Күйіп қалар алақан. Тәртіпті бол әрқашан, Сақ бол, кішкентай балапан!»

### III бөлім: «Кішкентай құтқарушылар» (Эстафеталық ойын)

**1-кезең: «Қоңырау шал»** Бала жүгіріп барып, ойыншық телефонмен «101» нөмірін теріп, «Өрт!» деп айқайлап, кері қайтуы керек.

**2-кезең: «Түтіннен өт»** Балалар жердегі «түтіннен» (төмен ілінген матаның астынан) еңбектеп өтеді. Тәрбиеші: «Тәртіп сақтаймыз, бірімізді біріміз итермейміз!» деп бағыттайды.

**3-кезең: «Өртті сөндір»** Балалар қолдарындағы көк шарларды (судың символы) «жалын» бейнеленген қорапқа лақтырады.

#### **IV бөлім: «Тәртіп – қауіпсіздік негізі» (Қорытынды)**

**Тәрбиеші:** «Балалар, егер балабақшада дабыл дыбысы шықса, еш қорықпай, тәртіппен, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, апайдың артынан еріп сыртқа шығуымыз керек. Бұл – біздің басты ережеміз!»

**Сыйлықтау сәті:** Барлық балаларға «Кішкентай құтқарушы» төсбелгілері немесе өрт сөндіру машинасы бейнеленген боямақтар (раскраска) таратылады.

#### **Акцияға қажетті құралдар:**

- Өрт сөндіруші формасы (ойыншық);
- Үлкен қатырма қағаздан жасалған сіріңке;
- Ойыншық телефон;
- Көк шарлар және «өрт» макеті;
- Дабыл дыбысы жазылған аудио.

**Басты ұран:** «Заңды білеміз, тәртіпті сақтаймыз, өрттен аман боламыз!»

